

# Дивидендтік саясат

«KEGOC» АҚ дивидендтік саясаты дивидендтік төлемдердің мөлшерін белгілеу кезінде Компания мен акционерлердің мүдделерін сақтауға, Компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыруға және оны капиталдандыруға, Қазақстан Республикасының заңнамасында ескерілген акционерлердің құқықтарын құрметтеуге және оларды қатаң сақтауға негізделеді.

Компания капиталдандырудың өсуімен қатар бір жылдағы таза табыс көлеміне және Компанияның өндірістік пен инвестициялық қызметін дамыту қажеттіліктеріне негізделі төленетін дивидендтер көлемін арттыруға ұмтылуда.

Дивидендтерді төлеудің негізгі шарттары болып Компанияда есептік кезеңдегі таза пайданың немесе бөлінбеген пайданың болуы; Қазақстан Республикасының заңнамасында және Компанияның дивидендтік саясат туралы ережесінде ескерілген дивидендтерді төлеуге шектеулердің болмауы; Компанияның Акционерлердің жалпы жиналысының дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдау табылады.

Тиісті қаржы жылындағы немесе жартыжылдықтағы таза табыс немесе ХҚЕС-ке сәйкес жасалған «KEGOC» АҚ-ның шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізінде есептелетін бөлінбеген пайда акционерлерге дивидендтер төлеу көзі болып табылады. Компанияның Директорлар кеңесі қаржылық жылдағы немесе жартыжылдықтағы таза табысты бөлу тәртібі және дивидендтер мөлшері туралы ұсынысты дайындаған кезде дивидендтерді төлеуге жұмсалатын сома таза табыстың кемінде 60%-ын құрауы тиіс екендігіне сүйенеді. Жыл қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді Компанияның жылдық қаржылық есептілігі бекітілгеннен кейін Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қабылдайды. Жарты жылдың қорытындысы бойынша «KEGOC» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Компанияның тиісті кезеңдегі қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін 3 ай ішінде қабылдауы мүмкін. Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің ұсыныстарын қарап, өз қалауы бойынша «KEGOC» АҚ-ның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдайды, «KEGOC» АҚ-ның бір жай акциясына есептегенде дивиденд мөлшерін бекітеді, және де дивидендтерді төлеудің басталу күнін белгілейді.

# Миноритарлық акционерлердің құқықтары

Компаниядағы корпоративтік басқару барлық акционерлерге тең құқықтар мен әділ көзқарасты қамтамасыз ететіндей құрылған. Акционерлердің құқықтары, міндеттері мен құзыреттері тең және қолданыстағы заңнамаға сәйкес анықталады және Компанияның Жарғысында бекітілген. Акционерлердің құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компанияның Жарғысында және ақпаратты ашу саласындағы ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен шешім қабылдау үшін жеткілікті ақпаратты дер кезінде алуды; акционерлердің жалпы жиналысына қатысуды және өз құзыретінің мәселелері бойынша дауыс беруді; Директорлар кеңесінің сандық құрамын, уәкілеттік мерзімін белгілеуге, оның мүшелерін сайлауға және олардың өкілеттіктерін тоқтатуға, сонымен қатар сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын белгілеуге қатысуды; анық және айқын дивидендтік саясат негізінде акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен айқындалатын мөлшерде және мерзімде дивидендтер алуды, сенімхат бойынша АЖЖ-ға қатысу кезінде дауыс беру құқығын беруді, сондай-ақ акцияларды бірлесіп сатуды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді.

## «KEGOC» АҚ дивидендтерінің төленуі

Дивидендтер есептелген кезең	2018		2019		2020		2021		2022		2023
	1-ші жарты жылдықта	бір жылда	1-ші жарты жылдықта	бір жылда	1-ші жарты жылдықта	бір жылда	1-ші жарты жылдықта	бір жылда	1-ші жарты жылдықта	бір жылда	1-ші жарты жылдықта
Бір акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері, теңге	80,53	54,53	67,17	48,86	77,09	75,01	84,72	50,85	65,44	50,59	77,74
Есептелген дивидендтердің жалпы сомасы, мың теңге	35 115 412		30 167 638		39 545 788		35 248 011		30 167 638,7		20 212 291,9
Дивидендтерді төлеуге бағытталған ХҚЕС бойынша таза пайда үлесі, %	80%	87,6%	77,3%	74,03%	70%	73,9%	80%	66,9%	100%	100%	87,8%
Дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдаған эмитенттің басқару органының атауы	Акционерлердің жалпы жиналысы										
Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған эмитенттің басқару органының жиналысының өткізіліген күні, хаттама күні және нөмірі	2018 жылғы 30 қараша № 11	3 мамыр 2019 ж. № 13	2019 жылғы 25 қазан № 14	2020 жылғы 29 мамыр № 17	2020 жылғы 23 қазан № 19	2021 жылғы 27 сәуір № 21	2021 жылғы 29 қазан № 24	2022 жылғы 26 мамыр № 27	2022 жылғы 27 қазан № 29	2023 жылғы 2 мамыр № 31	2023 жылғы 26 қыркүйек №34
Дивидендтерді алуға құқығы бар тұлғалардың тізімі жасалған күн	2018 жылғы 11 желтоқсан	2019 жылғы 14 мамыр	2019 жылғы 4 қараша	2020 жылғы 8 маусым	2020 жылғы 29 қазан	2021 жылғы 11 мамыр	2021 жылғы 8 қараша	2022 жылғы 7 маусым	2022 жылғы 15 желтоқсан	2023 жылғы 12 мамыр	2023 жылғы 26 қыркүйек

